

14 Şerizat A. M. Äuezov şyğarmalaryndağy “namys” konseptisiniň qoldanyly erekşelikleri . “Mähgılik El” ideiasy men ultiq ideiasynyň ädebiyetinde körkemdik körınıs tabu dästürı men innovasiyalıq jaňaşyldyq mäseleleri”: Halyqaralyq şyl.-teor. konf. materialdary. – Almaty, äl-Farabi at. QazŪU un., 2015. – 228 c. - jurnalda jaryq körgen maqala

15 Ämirbekova A. Qazırğı qazaq til bilimindeгі jaňa bağyttar. Monografia. – Almaty, Eltany, 2011. – 204 b. - kitap

МРНТИ 16.21.07

Мухамеджанова Г.Т.,¹ Мухамеджанова А.Т.²

*^{1,2} М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Петропавл қ., Қазақстан*

КӨРКЕМ МӘТІННІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі таңда кез келген ұлттың мәдениеті, тілі, ұлттық болмысы, әсіресе әдебиетімен арасындағы ара-қатынастарды байланыстыруда тілдік тұлғалардың арқасында ұлттың болмыс-санасымен ұштастырып, әдебиетті дамытуда лингвистика мен лингвомәдениеттануда оның түрлі қыры мен сыры ашылууда.

Осы тұрғыдан лингвистика сөз болғанда, алдымен лингвистикалық поэтиканың мәнін ашуда оның тілдегі, әдебиеттегі тұратын дәрежесін айқындап, сол саланың зерттелуі, дамуы, пәнде оқытылуы, ғылымның өзге салаларымен байланысын көрсету мәселенің маңызды тұсын ашып көрсетеді.

Бұл мақалада көркем шығарма тілінің фонетикалық микропоэтикасы қарастырылады, сондай-ақ көркем шығармада қолданылған фонетикалық құбылыстардың табиғаты нақты мысалдармен талданады.

Түйін сөздер: қазақ тіл білімі, лингвистикалық поэтика, макропоэтика, микропоэтика, фонетикалық құбылыстар, протеза, редукция, метатеза, элизия, гаплогология, паронимдер

Mukhamejanova G.,¹ Mukhamejanova A.²

*^{1,2} North Kazakhstan State University named after M.Kozybayev,
Petropavlovsk, Kazakhstan*

POETIC FEATURES OF THE LITERARY TEXT

Abstract

Currently, due to linguistic personalities associated with culture, language, national existence, especially with literature, various aspects and aspects of linguistics are revealed in the development of literature in linguistics and linguoculturology.

From this point of view, linguistics, first of all, reveals the essence of linguistic poetics, determines the degree of its residence in the language, literature, reveals the subject of study, development, teaching, and connections with other branches of science.

This article examines the phonetic micropoetics of the language of a work of art, and also analyzes the nature of phonetic phenomena used in a work of art, using specific examples.

Keywords: kazakh linguistics, linguistic poetics, macropoetics, micropoetics, phonetic phenomena, prosthesis, reduction, metathesis, elision, the haplogology, paronyms

Мухамеджанова Г.Т.,¹ Мухамеджанова А.Т.²

^{1,2} Северо-Казахстанский государственный университет им. М.Козыбаева,
Петропавловск, Казахстан

ПОЭТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА

Аннотация

В настоящее время благодаря языковым личностям, связанному с культурой, языком, национальным бытием, особенно с литературой, в лингвистике и лингвокультурологии в развитии литературы раскрываются различные аспекты и аспекты лингвистики.

С этой точки зрения лингвистика, прежде всего, раскрывает сущность лингвистической поэтики, определяет степень ее проживания в языке, литературе, раскрывает предмет изучения, развития, преподавания, связи с другими отраслями науки.

В данной статье рассматривается фонетическая микропоэтика языка художественного произведения, а также анализируется природа фонетических явлений, использованных в художественном произведении, на конкретных примерах.

Ключевые слова: казахское языкознание, лингвистическая поэтика, макропоэтика, микропоэтика, фонетические явления, протеза, редукция, метатеза, элизия, гаплоглогия, паронимы

Кіріспе. Бүгінгі таңда қай халықта болмасын, тіл және әдебиеттің, әдебиет пен мәдениеттің арақатынасын байланыстыру үшін тілдік тұлғалардың арқасында ұлттың болмыс-санасымен ұштастырып, әдеби тілді дамытуда лингвистика саласы мен лингвомәдениеттану аясында зерттеу арқылы оның түрлі қыры мен сырын ашуда өзінің ықпалын тигізуде.

Осы тұстан қарастыра берсек, лингвистикалық поэтиканың мәнін анықтауда және оның тіл мен әдебиет саласында дәрежесін айқындап, поэтиканың зерттеу нысаны мен пәнде оқытылуын, негізгі мәнісі мен ғылымда басқа салалармен байланысын көрсетуде, сол салалармен ара-жігін ажыратып қарастыру мәселенің маңызды тұсын ашып көрсетеді.

Жалпы поэтика түсінігін бізде қазақ тіл білімінде көптеген ғалымдар зерттеп зерделеген, алайда тілмен қатар әдебиет жағы да қалыс қалып қоймаған. Қазақ тіл білімінде көптеген ғалымдар бұл салада кеңінен зерттеу жүргізген, оның бастауы Р.Сыздықтан бастау алады.

Поэтика терминін поэтикалық ұғымымен байланыстыратын ғалым зерттеуші Р.Сыздық өз еңбегінде: “Поэтикалық деген анықтауыш тек поэзияға (өлеңге) қатысты ғана емес, жалпы бейнелілікке (образдылыққа), көркемдікке қатысты деген мағына береді. Сондықтан поэтикалық сипат тек өлең сөзде ғана емес, прозалық шығармаларда да көрінеді”, – деп көрсетеді белгілі ғалым [1, 74 б.].

Поэтика ұғымына анықтама беруде қысқа әрі нақты анықтама берген Т.Жанұзақов өзінің “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі” еңбегінде: “Поэтика әдеб. Поэзиялық шығарманың құрылысын, суреттеу, бейнелеу тәсілдерін зерттейтін ғылым” – деп жазады [2, 679 б.]. Осы тұрғыда бұл ұғымның әдебиетте көркем шығармалар мен драмаларда айқын көрінетінін ұғамыз.

Поэтика терминін зерттеп зерделеу барысында тілтанушымыз А.Тымболова әдебиеттанушылар секілді бұл терминді негізгі 3 түрге бөліп қарастырады: “Жалпы әдебиеттегі көркемдік құралдардың барлығы тілге қатысты екенін ескерсек, онда поэтика тілді зерттейтін көркемдік құралдардың жиынтығы деп те айтуға болады. Негізінде, поэтика, жалпы, (теориялық немесе жүйелік “макропоэтика”), жеке баяндау түрінде “микропоэтика”) және тарихи поэтика болып үшке бөлінеді”, – деген пікірін алға тартады [3, 104 б.]. Соның ішінде макропоэтика – берілген көркем шығарманың дыбыстық жағын, сөздік жүйесін және жоғарыда тоқталған образдық жүйесін қамтиды. Және де композицияны, мәтіннің сюжетін, шығарманың тақырыптық жағы мен авторлық жеке пікірін де қарастырады. Яғни, жалпы түрде қамтиды, ал микропоэтикаға макропоэтикаға қарама-қарсы термин ретінде анықтама береді.

“Микропоэтика – негізі жеке шығарманы, зерттеу талабының ерекшеліктеріне сай топ шығарманы (бір циклды, жеке автордың, әдеби бағыттағы жанрдың, тарихи кезеңнің қатысына қарай) баяндап, талдап түсіндіреді. Оның тақырыптық және идеялық қалыптасуында, сөзбен зерделенуіне дейінгі үдерістің (генеративтік поэтика) қамтылуы да қарастырылады”, – деп жазады А.Тымболова [3, 108 б.]. Демек, микропоэтика көркем мәтіннің табиғатын барынша ашып, ондағы эстетикалық әсерлердің өз

алдына дара жүйесін құрап, оның жеке құрылымын жасайды. Ал, макропоэтикада шығармада қолданылған көріктеуіш құралдарды саралап, олардың жай-күйі анықталады.

Әдістеме.Лингвист-мамандар түркі оның ішінде қазақ тілінің үндесім құбылысын ең маңыздысы деп таныған. Тілдік құбылыстарда фонетикалық және фонологиялық сипаттарына назар аударып отырған. Фонетика ұғымы айтылғанда көркем шығармалардағы кездесетін фонетикалық құбылыстарға да кеңінен зерттеулер жүргізілген.

“Әр тілдің өзіне ғана тән дыбысталу заңдылықтары – сол тілді дербес тіл етіп тұратын белгілердің бірі”– деп жазады ғалым Р.Сыздықова [4, 7 б.]. Десек те, сол тіл өзінен басқа тілдерден сөздер қабылдамай тұра алмайды, себебі сөздік қоры кеңеюіне себепші болады. Ал сол өзге тілден келіп енген кірме сөздер тілге ену барысында түрлі өзгерістерге ұшырайды. Сол сияқты оның айтылуы мен жазылуында үлкен айырмашылықтар болады. Түрлі дыбыстық өзгеріске ұшырап, кейбір жат дыбыстар төл дыбыстарға айналуы мүмкін. Сөйтіп сөздің құрамында сапалық та, сандық та айырмашылықтар туындауы мүмкін. Мұндай өзгерістер тілдің төл дыбыстарында да ара-тұра кездесіп тұрады.

Мақалада поэтика терминіне қатысты ғылыми зерттеулер, оқулықтар, монографиядағы ғылыми теориялар басшылыққа алынды. Атап айтқанда Р. Сыздықова, Б. Шалабай, Г.С. Нуриев, П.А. Николаева, Ғ. Қалиев, Т. Жанұзақов, А. Тымболова, А.М. Алдашева, Х.Р. Курбатов, Н.В. Шевченко, В.В. Виноградов, В.М. Жирмунский сынды ғалымдардың еңбектері жұмысымызға негіз болды. Сонымен бірге жазушы Ғ. Мүсіреповтің “Ұлпан” атты көлемді шығармасы талдауға пайдаланылды.

Сондай-ақ поэтикамен қатар макро және микропоэтика ұғымдарына түсіндірмелер беріледі. Макропоэтика – әдебиеттегі жазушылардың туындыларының көркем идеясын, құрылымын, ондағы эстетиканың қолданылуын қарастыратын сала. Яғни, оның қатарын анықтап айтсақ, көркем шығарманың сюжет құрылысын, туынды композициясы мен жазушының өзіне тән стилін атап өтуге болады. Микропоэтиканың басты мақсаты жеке бір автордың иелігіндегі жеке көркем шығармасының зерттелуі, оның әдеби бағыттағы жанры қандай, тарихи жағына да назар аудару болып табылады. Бұл салада тақырыбы да, шығарма мазмұнының идеясы қандай, бәрі де жан-жақтама қарастырылады.

Көркем әдебиеттегі жазушының жеке көркем шығармасының лингвистикалық тұрғыдан құрылымын, құрылысы мен ондағы тілдік құбылыстарын анықтау, сондай-ақ тілдік қолданымдарға мән беру және де тіл мен әдебиеттегі тілтанушылар мен ғалымдардың поэтика мен лингвистика ұғымдарына берген анықтамаларын саралап ажырату және де зерттеу барысында сақталып отырған мәселелерге талдау жасау жұмыстың басты мақсаты болып табылады.

Зерттеудің мақсатына сәйкес, жалпы тіл білімінде қалыптасқан сипаттамалы, салыстырмалы, тілдік фонетикалық талдау әдістері пайдаланылды. Сонымен қатар, жүйелеу, топтау, бағалау, талдау тәсілдері де қолданылады.

Зерттеудің өзекті тақырыбы лингвистикалық поэтикада жоғарыда атап өткен поэтика ұғымы мен лингвистикалық заңдылығын байланыстыра отырып, көркем шығармалардың тілдік ерекшеліктерінің сыртқы формасына тоқталып өтеміз. Оның ішінде көркем шығармалардың қолданыстағы тілдік ерекшеліктеріне фонетикалық құбылыстарға мысалдар келтіру арқылы талдау жасалынды.

Нәтижелер мен талқылау.Фонетиканың ғылым саласында болсын, теориялық жағынан болсын үлкен маңызға ие екенін дәлдеп айта аламыз. Оның маңызын әдістемеді қолдану барысында және ана тіліміз қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту кезінде байқай түсеміз. Тіл біліміндегі қазақ тілін оқыту әдістемесін биік деңгейге жеткізу үшін, оның негізгі бастау бұлағы фонетика саласынан бастаған оңтайлы.

Біз білеміз, қазақ тілтанымындағы фонетикалық зерттелімдер барысында бұл саланың бірнеше тарихи дәуірлерден өткенін, оның қалыптасуы мен дамуында зерттеушілердің түрлі пікірлері барын. Қазіргі таңда фонетиканың қалыптасуын, фонетикалық талдау және оның ішіндегі түрлері мектеп бағдарламасынан басталып, жоғарғы оқу орындарына дейін тереңінен оқытылууда.

Тілдегі фонетикалық құбылыстар – кейбір сөздердің құрылымында кездесетін әр түрдегі дыбыстық өзгерістер. Тілдегі мұндай өзгерістегі дыбыстардың өзіне тән ерекшеліктеріне қарай ғалымдарымыз келесідей түрлерге бөліп қарастырған: протеза, эпентеза, редукция, метатеза, эпитеза, элизия, гаплогия, синкопа, апакопа және т.б.

Біз ендіосы аталған дыбыстық өзгерістерге кеңінен тоқталамыз.

Протезалық өзгеріс.Протеза негізінен грек тілінен енген, қазақ тіл білімінде протеза болатындар қысаң дауыстылар, *л*, *р* дыбыстарынан басталатын кірме сөздердің алдында айтылуында кездеседі.

Осыған шығармадан мысал келтірсек: “Атақ құмар, лақап құмардың сөзін қайталай береді”. Берілген мысалдағы протеза болып тұрған сөз – *лақап*. Ондағы *ылақап* деп айтылады да, *лақап* болып жазылады. *Ы* дыбысы алдынан қосылып айтылады да, сөзге бір күш түсіріп тұрғандай болады. Сонымен қатар *ы* дыбысының қосылып айтылуының бір себебі сөз толық жуан дыбыстан жасалып тұрғандықтан жуан дыбыс қосарланып айтылады. Фонетикадағы айтылым мен жазылым мәселесінде оның санында айырмашылық байқалады, айтылғанда бес дыбыс, жазылған кезде алты дыбыс болады.

Ал келесі мысалға тоқталсақ. “Түрікпен Мүсіреп жас жігіттің сөз саптауынан ашынғандық лебін өзі де танып тұрған”. Бұл мысалымызда *лебін* сөзі протеза болып тұр. Мұнда сөз толық жіңішке дыбыстардан құралып тұрғандықтан айтылуда алдынан жіңішке *і* дыбысы қосылып айтылады. Яғни *ілебін* болып айтылады да, сан жағынан да сапа жағынан да айырмашылыққа ұшырайды.

Негізінен протезаны зерттегенде ғалымдардың көпшілігі байырғы сөздерден құралатынын айтады. Протезада сөздер өз алдына күшке иеленіп, өз алдына буын болып тұрады. Сондай-ақ араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздерде дауыссыз дыбыстан басталғандықтан алдынан дауысты дыбыс бірінші айтылады.

Ие, “*малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы*” дейтін елдің нақылын еске алсаң, *лайықты жұмыс болмапты*. Бұл берілген сөйлемдегі протезалық құбылысқа ұшыраған ерекше сөз – екінші жай сөйлемдегі *лайықты* сөзі. Бұл сөзде де жоғарыдағы секілді жуан дыбыстардан құралғаны үшін *л* дыбысының алдына *ы* жуан қысаң дыбысы қосылып шығады. Сөйлемде берілгендей жеті дыбыстан құралып нақты жазылады, ал айтылуы кезінде айырмашылық еніп сегіз дыбыс айтылып жазылады.

Протезада *л* және *р* дыбыстары негіз болатынына жоғарыда тоқталып өттік. Келесі мысалда *р* дыбысының алдына қосарланған дыбыс туралы сөз болады. *Кенесары орыс шекарасынан шеткей отырған Керей – Уақ елдерін екі рет шауып әкетті*. Берілген мысал сөйлемдегі *рет* сөзі *і* дыбысының алдына қосылып айтылуынан жасалады. Сөйлемде берілгеніндей үш дыбыспен жазылып, алдына бір дыбыстың қосылып айтылуы нәтижесінде төрт дыбысқа айналады. Сонымен қатар айта кетсек, *рет* сөзінің алдында екі сөзі де жіңішке әріптермен жасалып *рет*, сөзінің алдында *і* дыбысының қосарлануына өз ықпалын тигізіп отыр.

–*Қозыдай көгендеп қойып маңдайларына қырықтық қыздырып басып, «Итжеккенге» айдатайын деп жатыр дейді. Құдай біледі, рас!..* Бұл берілген мысалда *рас* сөзі протезалық құбылысқа жатады. *Рас* сөзінде *ы* дыбысы қосарланып сөздің алдында айтылымда қолданып тұр, ал жазылғанда *рас* болып қолданылады. Фонетикадағы айтылым бойынша үш әріп, ал *ы* дыбысы қосылып айтылғанда төрт әріпті құрап тұр.

Протезада сондай-ақ *ы*, *і* дыбыстарымен қатар кейде *у*, *ұ*, дыбыстарыда айтылуында қолданылады. Бұл сөздер көбіне араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздерде болады. Осы сөзімізге дәлел ретінде келесідей мысалды келтіре аламыз. *Жүрер алдында генерал-губернаторға кіріп, лұқсат сұрап шықтым*. Мұндағы мысалда көрініп тұрғандай *лұқсат* сөзі протезалық құбылыстағы өзгеріске түскен сөз. Берілген протезалық құбылыстағы сөздің алғашқы буынында *ұ* әріпі кездескен, сондықтан осы езулік әріп сөздің алдынан *ұ* дыбысының қосарлануына өзінің септігін тигізіп тұр.

Ендігі кезекте қазақ тіліндегі байырғы сөздердің о бастағы атауына байланысты протезалық құбылысқа аз ғана тоқталсақ. Қазақ тіліндегі кейбір сөздер анығырақ одыбысынан басталатын сөздер де протезаға жатқызылады. Оны кейінгі мысалдан көре аламыз. *Аманқарағай дуанына қарайтын көп рулы елдердің өміріне базар кірген, шай, қант, нан, орамал, сабын, сиса, барқыт, жібек, былғары кірген*. Бұл сөйлемдегі *орамал* сөзін жатқыза аламыз. Мұндағы *орамал* бастапқы кездегі атауы *ромал*, кейіннен *о* дыбысы алдына қосылып айтылуына байланысты *орамал* болып толықтай аталып, *орамал* болып жазылатын болып кеткен.

Эпентезалық өзгеріс. Эпентезалық құбылыс негізінен сөздің арасындағы айтылуға тиісті екі дауыссыз дыбыстың арасында дауысты дыбыстың қыстырылып айтылуы. Эпентезалық өзгеріске мысал сөздермен дәлелдесек. *Қысқа қарай жылқы малын ықтасыны бар қара отты шұбарға жақын ұстамасаң – “Байлық – бір жұттық, батыр – бір оқтық” - кейде тақыр-таза жаяу да қаласың*. Осы сөйлемдегі *жаяу* сөзін алсақ, ол эпентезалық құбылысқа ұшырап тұр. Ондағы *жаяу* сөзі төрт әріптен жазылып тұр, ал айтылым саласында ол бес әріптен құралып айтылады. Оның бірден-бір себебі *я* әріпінің айтылуда екі дыбыстың нәтижесінде пайда болуы. Яғни *я* әріпі *й* және *а* дыбыстарының қосылып бір таңбаны беруі. Демек *жайау* болып айтылуда бес дыбыстың естіліп, төрт дыбыстың жазылуына күйеу боламыз.

-Шырағым, арызың аяқсыз қалмас, - деді ол, - аяқсыз қалдыратын арыз сияқты емес. Ауылдарыңа осыны айта барарсың. “Түсі игіден түңілме” дегендей, көргенсіз деуге ішім қимай тұр. Әттең, ашынғандықтан болса да азды-көпті асқақтай сөйлегеніңде болды. Аулыңа мұны да айта барарсың. Берілген бұл сөйлемде эпентезалық құбылысқа бір емес бірнеше мысалды келтіре аламыз. Оның біріншісі аяқсыз сөзі, бұл сөзді жоғарыдағы сөйлемде талқылаған болатынбыз. Яғни я әріпіне қатысты екі дыбыстың қосарлануына байланысты ережені атай аламыз. Дәл осы ережеге қатысты сөйлемдегі сияқты сөзіндегі я әріпі жатады. Ал келесі эпентезалық құбылыстағы сөз қимай сөзі, мұнда тіл біліміндегі тағы бір ережені атаймыз. Екі дауыссыз дыбыстың арасындағы бір дауысты дыбыстың қыстырылып айтылып, айтуға жеңілдік беруі. Қ және и дауыссыз дыбыстарының арасында ы дыбысының қыстырылып айтылып, қыймай болып өзгертілгенін байқауға болады. Мұнда әріп санына әріп қосылып тұр, яғни бес әріпті сөз ы дыбысының қыстырылуының арқасында алты әріпті сөз болып өзгеріске түсіп тұр.

Осы тұста эпентезалық құбылыстың грек тілінен енгенін, оның parenthesis – қыстырылу деген мағынаны білдіретінін айта кетсек жөн болады. Эпентезалық құбылыс негізінен сөздердің айтылуына жеңілдік тудыруға өз ықпалын тигізеді. Бұл ертеректе орыс тілінен енген кейбір кірме сөздердің әсерінен туындаған деседі ғалымдар. Алайда кейіннен өзге ғалымдарымыз эпентезаның тек кірме сөздерде ғана емес, қазақтың байырғы сөздерінде де кездесетінін айтады.

Тобыл, Бағлан, Стап, Книтан қалаларына жақын отырған бес болыс Керей – Уақтың шетірек отыратындарын әлденеше рет шауып әкетті. Бұл берілген мысалда екі фонетикалық құбылыс бар, олар эпентеза және протезадағы сөз рет сөзі. Эпентеза болып тұрған сөз қаланың атауы – Книтан сөзі, бұл сөз – сөздің басында келген екі дауыссыз дыбыстың арасындағы бір дауыстының қыстырылып шығуы. Яғни Кыпитан болып айтылуы, Книтан болып жазылуы. Мұнда К және п екі қатаң дыбыстың арасындағы ы дыбысының қосарлануынан болып тұрған құбылысқа жататын сөз.

Әділ де қатал би атанған адам. Енді осы сөйлемдегі эпентезалық өзгеріске түсу арқылы ерекшеленіп тұрған сөзге тоқталсақ. Ондағы би сөзін жатқыза аламыз, себебі би сөзінде б және и дауыссыз дыбыстарының арасында і жіңішке дауыстының қыстырылып қалуы себеп болып тұр. Яғни би болып айтылып үш дыбыстың естілуі, ереже бойынша би болып екі әріптің жазылуынан құралып тұр. Осылай екі ұяң дауыссыздың арасында і жіңішке дыбысының қосарлануы арқасында эпентезаға ұшырап тұр.

Ал келесі ойды өлең жолдарынан келтіріп, эпентезаны толығырақ тани түссек:

-Қазақ – қазақ болғалы,
Өз алдына ел болып,
Оңаша бір қонғалы,
Хандығынан айрылса.

Мұндағы берілген өлең түрінде келген мысалда біз фонетикалық өзгеріске түскен айрылса сөзін нақты атай аламыз. Бұнда й және р екі үнді дауыссыздардың арасындағы бір дауыстының қыстырылып естілуі жатады. Демек анығырақ айырылса деп ы жуан дыбысы жағаласып тұр. Сондай-ақ айта кетсек, негізінен бұл сөзді кейбір ғалымдарымыз эпентезаға жатқызбайды, ол сөздің қалыптасуы осылай болған, ғалымдардың екінші тобы эпентезалық құбылысқа жататынын баса айтады.

Ендігі уақытта біз өзге ғалымдарымыздың эпентезаға қатысты басқаша ойларына да мысалмен тоқтала кетсек. Эпентезаны сөз ішіндегі қатар келген екі дауыссыздың арасына дауыстының қыстырылып айтылуын жатқызамыз. Алайда бұл фонетикалық өзгеріске түсуді жоққа шығарып, айтылуға тиісті екі дауыссыздың арасындағы дауыстының түсіп қалуында жатқызамыз. Бұл көбіне араб-парсы тілдерінен енген сөздердің қатарында кездеседі. Байырғы қазақ тіліндегі сөздер з, һ, ғ дыбыстарынан басталмайтындығы айқан нәрсе. Олар қазақ тілінде әртүрлі орын тапқан. Көп жағдайда олар жат дыбыстан «қашып», сөз басындағы дыбыстар түсіріліп қалған. Соның нәтижесінде мысалы әзір сөзінде қазір болып, қазақ тіліне лайықталып құрамы өзгерген.

Жоғарыдағы сөзімізді бір мысалмен айқындап ашық көрсетсек. Мәселен, келесідей сөйлемдегі қазір сөзін әзір сөзімен алмастырылған. Тілеуімбет би аға сұлтан сайлауында бұрынғы би атағынан айрылып қалып, қазір Кенесарының “анда бар, мында барында” жүр. Қазақ тілінде эпентезалық құбылыста негізі қатып қалған қағида жоқ. Ол өз орнымен өзгеріске түсіп тұрады. Онда ереже

бойынша эпентеза бір ғана сөйлем мүшесі болуы керек немесе бір ғана қызмет атқаруы керек дегені емес. Ол кейде еліктеуіштерде де көрінеді.

Олары әрі аға сұлтанды қорғаушы, әрі тырп еткізбейтін бақылаушы болатын. Әуелі солар ат үстіндегі ойындарды көрсетті. Тырп етпей жатып қалады. Қазақ аттары мұндайда өзінен-өзі есеңгіреп, болмашыдан үркіп әурелер еді. Осы берілген қатар екі сөйлемдегі бір ғана еліктеуіш *тырп* сөзін алсақ, ол фонетикалық оның ішінде эпентезалық өзгерістегі сөз болып тұр. *Тырп* сөзінің құрамындағы сөздің соңындағы екі дауыссыздың *p* және *n* әріптерінің арасындағы *ы* дауысты дыбысының жағаласып айтылуында. Және айта кетсек, *тырп* сөзі *ы* жуан дыбысының әсерінен *тырып* болып эпентезаға ұшырап бес әріптің естілуіне ықпал жасап тұр.

Алдағы сайлауда Шыңғыс Есенейді орнынан түсіріп басқа біреуді би қоюға әзірленіп жүр. Кенесары қолымен Есенейдің соңғы айқасы аяқталып қалғанда кездесті де, жауынгер казак-орыстардың қол қышуы қанған жоқ... Бұл мысалға алынған қатар екі сөйлемдегі фонетикалық құбылыс жасап тұрған сөздер – *қоюға* және *аяқталып* сөздері. Бұл аталған сөздердің құрамындағы аяқталып сөзіндегі құбылыс жоғарыдан бері айтылып жатыр. Ал екінші сөзіміз *қоюға* – мұнда *ю* әріпін аламыз, онда *й* және *у* екі дыбысының қосарланып бірге айтылуынан жасалады. Солай бірге жасалуынан протензалық құбылыстың түріне жатқызылып тұр, негізінен *қою* деп жазылып заңдылық бойынша үш әріптен, *қойу* деп дыбысталғанда төрт әріпке айналады.

Жалпы осы жоғарыда атап өткен *я (йа), ю (йу)* дыбыстарының айтылуы мен жазылуында, дыбыстық өзгеріске түсуінде және т.б. жайттар тіл білімінде кең түрде зерттелген. Бұл заңдылық өз жүйесін тапқан ережелердің бірі. Бұл өзі жеке мәселе болып зерттелгенінен кейін оны фонетикалық құбылыстардың қатарына жатқызыла бастады.

Осы ретте келесі мысалда жіңішке дыбыстың эпентезаға ұшырауына назар аударсақ. *Сол өрік-мейіз, тана-моншақ арқылы бала қыз Ұлпан Есенейге бір жетіден кейін әрең үйірілген.* Осы көрсетілген сөйлемнің құрамындағы соңғы баяндауыш қызметінде тұрған *үйірілген* сөзі. Бұл сөзіміз фонетикалықтың ішіндегі эпентезалық өзгеріске түсіп тұр. Айтар ойымызды сөзбен дәлелдей түссек, *үйірілген* сөзі заңдылық бойынша ережеге сүйеніп, қатаң түрде дұрыс жазылып беріліп тұр. Алайда мұнда фонетикалық құбылысқа сөздің арасындағы *і* жіңішке дауыстының қыстырылуы дәлел, яғни үйірілген деп жазылып, *үйірілген* боп қыстырылумен айтылуы. Сапасымен қатар санында да айырмашылық болады. Негізі фонетикалық өзгеріске түскен сөздердің құрамы мен қатар саны жағынан да ерекшеленеді. Бұл сөзімізді мысалға келтіріп жатқан сөйлемдердің ішіндегі өзгеріске ұшыраған сөздердің көпшілігі дәлелдей түседі.

Кейінгі кезекте эпентезаның еліктеуіштен жасалған түріне тағы бір мысалмен тереңінен ашсақ. Келесі мысалды өлең жолдарымен келтірсек:

*Кәрі Кастий қара көк көзін ашты,
Терекке жылы жүзбен амандасты,
Жыбыр қағып қозғалып, сылқ-сылқ күліп –
Қатынды алды, қитықсыз араласты...*

Бұл беріліп тұрған өлең құрылысынан фонетикалық өзгеріске түсіп тұрған ерекше сөз – *сылқ-сылқ* сөзі. Бұндағы алдымен айта кететін жайт бір сөздің қайта-қайта қайталануынан жасалып, қайталама қос сөз, еліктеуіштен жасалуында. *Сылқ* сөзінің құрамындағы *л* және *қ* әріптерінің арасында *ы* дауыстының қыстырылып, жағаласып жалған буын жасау арқылы эпентезаның түріне жатқызылып тұр. Сонымен қатар сан жағынан да айырмашылығы барын білдіріп тұр, *сылық* болып өзгеріс еніп отыр.

Қазақ тіл білімінде фонетиканың орнының ерекше екені бәрімізге белгілі. Осы сала арқылы бүкіл дыбыстардың айтылуы, жазылуы мен дыбысталуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтардың қыры мен сыры ашылады. Олар тіл мен әдебиеттің дамуында, оның сауаттылығына алып келеді. жоғарыда біз осы саланың зерттелген кейбір тұстарына тоқталып өттік. Мұнымен фонетикалық өзгерістер тоқтап қалмайды.

Редукциялық өзгеріс. Бұл құбылыс тілдегі кейін ысырып тастау, қайта оралуды білдіреді. Бұл өзгерістегі сөздер тілде, әдебиетте кейбір бірқатар сөздерде байқалады. Мәселен, сөзімізге дәлел ретінде мына мысалдарды қарастырайық. *Қыр жайлаулардан құлап келе жатқан Есенейдің жылқысы екенін аулы біліп отырған.* Біз мұндағы *аулы* сөзін редукция құбылысына жатқыза аламыз. Осы тұста айта кетсек, әдетте редукция тілдегі дауысты дыбыстарға тән болып келеді, соған

байланысты оның кейбірі сөздің ішінде әлсіреп, түсіп қалады. Сол сияқты берілген мысалдағы аулы сөзінде ы дыбысы түсіп қалып жазылып отыр, ол негізінен ауыл, аулы деп айтылып жазылады. Бұл сөз тілде ертеден осылай қалыптасқан сөз.

-Қара жорғаның мойнына ат қосақтап қайтарған дұрыс болар! – деді “түрікпен” Мүсіреп. Мұндағы көрсетілген *мойнына* сөзі, ол да жоғарыда айтқандай әбден тілде осылай қалыптасып, сіңісіп кеткен сөздердің қатарында. Ол заңдылық бойынша шөгіп, кері дамыған, тілде коректің жетіспеушілігінен де немесе тілдегі атрофияға да ұшырауынан болуы мүмкін. Кейбір ғалымдар бұны алға шығарады. Сонымен қатар мұндағы редукция құбылысына *мойны* сөзіндегі (*мойны*) *ы* түсіп қалуы, ықшамдалу құбылысы да жатқызылады. Және де тілдегі буынның айтылу мәнеріне сай дыбыстардың артикуляциялық, акустикалық сипаттағы айырмашылығының да әсерінен болуы мүмкін.

Алайда, кей зерттеуші ғалымдарымыздың редукция құбылысы жайлы пікірлері басқаша сипатта. Олардың көпшілігі бұны түркі тіл білімінің құбылысы деп таниды, орыстың тілінің үлгісімен дауысты дыбыстардың түсіріліп қалуы деп танылады. Ал қазақ тіліндегі редукциялық өзгерістердің көбісі сөздердің құрамындағы кездесетін ашық және жабық буындарымыздың сазы мен әуенділігіне байланысты дүниелер болып табылады.

Ханның қазанына түсіп кеткеннің сенің аузыңа көбігі де тимейді, сүйегі де тимейді. Ал бұл келтірілген мысалымызда *аузыңа* сөзі, ол тілде қалыптасуы *ауызыңа* деп айтылуы, *ы*-ның ысырылып әлсіз болуы. Мұнда екі дауыссыз дыбыстың арасындағы дауыстының әлсіреп, түсіріліп айтылу құбылысы. Негізінен бұл қазақ тіліндегі қай сөз болса да бірдей келген екі ашық буындарда жүзеге асады.

Осы құбылыстың тіл ғылымында зерттелуінде қазақ және түркі зерттеушілерінің ойлары мен тұжырымдары қарама-қайшы келетіндері де аз емес. Негізінен тілде болсын, көркем әдебиетте болсын сөйлеу мен жазуда оның өзіне тиісті жүйесі болуы тиіс. Кейбір зерттеушілердің пікірінше фонетикалық өзгерістер сөздің құрамынан, ал кей жағдайларды айналасындағы сөздердің әсері болуы мүмкін, немесе сол сөздердің қаыптасу тарихынан да болуы әбден мүмкін. Соның бірі осы редукциялық құбылыс.

Қыз мұрнына келіп көрмеген жиіркеніш иістен жүрегі айнып кетті. Енді бұл сөйлемімізде *мұрнына* сөзі, мұндағы *мұрыны* сөзінің құрамындағы *ы* әріпінің көнеден қалыптасып, кейіннен айтылуы мен жазылуында түсіріліп қалғанын байқауға болады. Бұл сөздің де құрамындағы өзгеру процесі зерттеушілердің кейбір пікірлеріне сайып келеді. Сонымен қатар, айта кететін жайт, жоғарыда кей өзгеріске түсетін сөздер қасындағы сөздердің құрамынан болуы мүмкін деген пікір айтқан болатынбыз. Осы сөйлемдегі *қыз мұрны* сөзі егер *қыздың мұрыны* деп те өзгертіліп айтылуы мүмкін. Ол сөздер көнеден сіңісіп кеткен сөздер.

Қыз даусы танылып қалды.

Апарады да, сасық Мырзааштың қойнына салады. Осы берілген екі сөйлемнің ішіндегі *даусы* және *қойнына* деген сөздерді дауыстылардың түсіріліп айтылу құбылысына жатқыза айтамыз. Алғашқы сөйлемнің құрамындағы *даусы* сөзінің *ы*-сы ысырылып, қыз даусы болып жазылуы құбылысы. Екінші мысалдағы *қойнына* сөзі алдыннан *қойны* болып айтылған, кейін *қойны* болып тілімізде сіңісіп кеткен. Тіл мен әдебиеттегі редукциялық ысырылып түсірілу өзгерісіндегі сөздердің құрамында анау айтқан мәселе жоқ.

Метатезалық өзгеріс. Метатеза бәріміз білетіндей грек тілінен енген термин болып табылады. Бұл ұғымның беретін мағынасы және көркем шығармалардағы сөздердің құрамындағы екі қатар келген дыбыстардың (не әріптердің), немесе кей буындардың орын ауыстыруын айтамыз. Олар қатар келіп өзара орындарын алмастырғанымен, ол сөздің мағынасы өзгермеуге тиіс.

Негізінен метатеза құбылысындағы сөздердің саны әдебиетте тым аз, санаулы ғана, бұл құбылыстағы сөздердің өзіне тән қатарлары бар. Олар о баста қалай қалыптасқан болса, солай айтылу мен жазылуда қалыптасып кеткен. Бұл сөзімізге мынадай мысалдарды баса айта аламыз.

Қазір Кенесары қалың қолын Керей – Уақтың өкпе тұсына, Есіл бойына топтап, Еснейге қарсы үлкен жорыққа әзірленіп жатқаны байқалған. Біз мұнда белгіленген *өкпе* сөзін метатезалық өзгеріске түскен деп айта аламыз. Себебі, *өкпе* сөзі әуелден *өпке* деп деп әдеби көркем шығармаларда қалыптасып кеткен сөздердің болмысының қатарынан. *Өкпе* сөзіндегі тілдегі ереже бойынша қатар келген *кп* дыбыстарының *пк* болып орын ауыстырып тұрғанын байқаймыз.

Келесі бір мысалдағы сөзімізді метатезаға жатқызуға кейбіреулер қарсы. Алайда бұл сөздің құрамы жоғарыда келтірген мысалымызбен ұқсас сөз, тек мағынасы жағынан беретін

айырмашылыққа ие. *Ұлпан әуелі оның өкшесіне шығып, жағасынан тартып әрең дегенде қолы мойыңға іліккен соң: енді тұр! – дейді.* Енді мұндағы мысалымызда оның өкшесіне деген сөзіндегі өкше сөзін атай аламыз. Онда өкше сөзінің құрамындағы *ки* әріптерінің *шк* болып, сөздің өшке болғанын, олардың қатарынан келіп, орындарының ауысқандығын байқай аламыз.

Негізі тілдегі метатеза құбылысының құрамына көбіне *өкпе* сөзінің арасындағы екі дыбыстың өзгерісі жатады, көптеген көркем шығармаларда осы *өкпе* сөзі көптеп кездеседі. Қазір де мысалға алып отырған *Ғ.Мүсіреповтің “Ұлпан”* романында сол сөз көптеген сөйлемдерінде кездесіп отырады. Ол сөйлемдерді қайта-қайта мысалға келтіре берудің қажеті жоқ деп санаймыз. Сондай-ақ, айта кетсек, көптеген әдебиеттегі көркем туындылардың (роман, поэзия, көркем шығармалар т.б.) арасында осы фонетикалық өзгерістің түрі аздап келтіріледі десек болады, жазушылардың көбі пайдалана бермейді.

Эпитезальық өзгеріс. Бұл фонетикалық құбылысымыз жоғарыда атап өткен протезальық құбылысымызға қарама-қайшы десек те болады. Яғни, протеза сөздің басында қосылып жағаласып айтылса, бұл құбылыс сөз құрамындағы соңғы буында жүретін түрі. Эпитеза көбінесе сөздердің соңғы дыбысына жағаласып жүреді, мәселен келесі сөйлемге назар аударсақ. *Жазы-күзі мал тұяғы тимеген шүйгін екені көрініп-ақ тұр.* Яғни мұндағы сөйлемнің басындағы сөз *жазы-күзі* деген қос сөзді аламыз. Ондағы сөз негізінен *жазы-күзі* сөз бен *жаз-күз* сөзінің арасындағы мағыналары жағынан да ешқандай айырмашылық байқалмайды. Жай ғана екі сөздің оқылым кезіндегі интонация жағынан айырмасы бар екенін сеземіз.

Шығармада көп кездесетін эпитезаға *тәңірі* сөзін атай аламыз.

-Жоқ, жоқ! Иесіз демедім бе? Бұл өңірде мен білмейтін жер бар ма, тәңірі! Қасқыры мен түлкісінің ен-таңбасына дейін білемін. Құдай біледі деп айтайын, “Қаршығалыда” үш мың қасқыр, бес мың түлкі, он екі мың күзен, жеті мың қоян бар!.. Мұндағы *тәңірі* сөзінің соңындағы *i* дыбысының интонациялық өзгеріске түсіп тұрғанын байқай аламыз, ал негізінен *тәңірі* сөзі мен *тәңір* сөзіндегі арасындағы мағынасы жағынан ештеңе сезіле қоймайды.

Ал келесі мысал сөйлемде екі бірдей фонетикалық құлыстар байқалады. *Тәңірі-ау!, менің ойыма не келіп жатыр өзі! Ләқаулы елда-белда, галы мен қазым... оң жағымға аунап жатайыншы, ұйықтайыншы...* Яғни бұл көрсетілген сөйлемде бір-біріне қарама-қарсы мән тудыратын екі құбылыс та қатар келген. Олар *тәңірі-ау* сөзі эпитезальық өзгерісте, *ләқаулы* сөзіндегі протезальық (сөздің алдынан *i*-нің қосарлану) құбылысты баса айта аламыз.

Элизиялық құбылыс. Осы жоғарыда аталғандардан басқа элизиялық құбылыс та көркем шығармаларда көптеп жолығып отырады. *Ат шашасынан аз-ақ асатын алғашқы жауған ақша қар жердің шөбін әлі жасыра алмапты. Сондай жерге ертерек келіп ірге тепкеніне байдың көңілі әбден тоятпағандай.* Бұл жерде элизияға *жасыра алмапты* деген етістік болып тұрған өзгерісті мысалға ала аламыз. *Жасыра алмапты* сөзіндегі қатар келген екі дауыстының біріншісі ығыстырылып, *жасыралмапты* болып өзгеріске түсуін айтамыз. Элизиялық жағдай осылай дауыстыларға тән болып келеді. Бұл жерде дауыс ырғағының да әсері барын ұмытпауға тиіспіз.

-Есенейі жоқ елді де ел екен, жұрт екен десеңіздер, қара өрттей қаптап келе жатқан жылқысының бетін кейін бұрсаңыздар екен. Осы арызымыз. Бұл мысалымызда элизиялық өзгерістегі сөзіміз айдан анық байқалып тұр. Яғни, *қара өрттей* сөзін аламыз, бұның құрамындағы *қара* сөзіндегі соңғы *a* дыбысы екінші тұрған *өрттей* сөзіндегі *ө* жіңішке дыбысының ықпалымен түсіп қалып отыр. Демек, *қара өрттей* болып жазылып, айтылғанда *қарөрттей* болып дауыс ырғағына байланысты элизияға жатқызылады.

Осы тұста айта кететін жайт, кебір зерттеулер бір-біріне қарама-қарсы келеді, тілде зерттелген редукциялық және элизиялық фонетикалық өзгерістерде ұқсайтын тұстары көрінеді. *Мұрны (мұрыны), орны (орыны), ерні (еріні)* сөздеріндегі өзгеріс редукцияға жататынын жоғарыда татап көрсеттік. Бірақ зерттеулерде контактісіз элизия да бар, яғни ол дегеніміз екінші кездескен дауыстының алғашқы буындағы дауыстымен тығыз қатысы бар деген тұжырымды атай аламыз. Ал қалған сөздердің өзгерісін контактілі элизия қатарына жатқызамыз.

Ендігі сөйлем құрамындағы элизиялыққа *ы* мен *a* дыбыстарының қатар келуіне мысал айтамыз. *Осы кісі бас болып келіп, екі жеті өтті, сары аланың тұқымын түгел айдап әкетті. Содан кейін өзім кеше көшіп келіп, Книтан аузына тоқырадым.* Бұндағы *сары аланың* сөзінің құрамындағы элизияға жататын жеріне тоқталсақ, *Сары ала* сөзінің айтылу ырғағындағы өзгерісі *сарала* болып айтылуы, екінші сөз *ала* сөзіндегі *a*-ның ықпалымен *сары* сөзіндегі *ы*-ның ығыстырылуы фонетикалық құбылысқа жататынын дәлелдейді.

Біз жоғарыда келтірген мысал сөйлемдер мен мысал сөздердің құрамындағы өзгерістер тілдегі терең зерттелген фонетиканың құбылыстары.

Гаплогиялық құбылыстар. Тілде бұл да өзге құбылыстар секілді зерттеуден қалыс қалмаған. *Әлі ақ кірмеген сақал-мұртын жарасымды қырқып ұстайды.* Гаплогияға кірмеген сөзін атай аламыз, ондағы сөздің құрамы түбегейлі өзгергенмен мағынасында анау айтқан өзгеріс байқай алмаймыз. Кірмеген сөзінің негізгі толық нұсқасы кіріп көрмеген болып табылады. Ол сөздің құрамындағы ұқсас буындардың әсерінен осы гаплогиялық өзгеріске түсіп отыр.

Гаплогиялық құбылыс сөздердің ішіндегі бір-біріне ұқсас буындардың түсіріліп қалып айтылуы, ол сөйлеуге де жеңілдік береді. Бір тұсынан бұл сияқты өзгерістегі сөздерді диалектикалық құбылыс деп тануға да келеді, яғни сөздердің қысқартылып жеңіл қолданыста жүруі.

Найзаларымды қайрап, оқ жонып ермек етем. Маңайда жан жоқта нысана атам. Кейде оғым нысанаға дәл тиеді, кейде жосып айдалаға кетеді. Берілген көркем шығарманың бұл мысалында екі бірдей гаплогиялық сөз бар. Олар *етем* және *атам* сөздері, *етем* сөзі толық *етемін, атам* сөзі *атамын* болып толық айтылады. Алайда, ол сөздердің ереже бойынша ұқсас буындарының түсіп қалуы жағынан тілде гаплогиялық құбылысқа жатқызамыз. Негізінен бұл түрге айта берсең мысал көп, *әкелген – алып келген, әкетуге – алып кетуге, әкел – алып кел* болып буындарының ығыстырылуының нәтижелерінде гаплогияға жатады.

Біз осы мысалдармен фонетикалық құбылыстарға дәлелдемелер бердік, ендігі кезекте фонетикалық құбылыстың басқа бір түріне де мысал сөйлемдер келтірсек. Ол паронимдер, паронимдер сөйлемнің арасындағы бір-біріне айтылуы ұқсас сөздер, алайда мағына жағынан бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Мына бір сөйлемге тоқталсақ. *“Барлық түні ойын-күлкі, мастықта, күндіз басы жастықта!” – дейтіні де бар.* Мұнда біз паронимдердің қатарына *мастықта* және *жастықта* сөздерін айтамыз. Ондағы *мастықта* сөзінің мағынасы жаман қылық, *жастықта* сөзінің мағынасы жас, дәурен шақты айтып тұр. Екі сөздің арасында жай ғана дыбыстық ұқсастықтар бар.

Соның бірде-бірін не иіріп, не шиырып әкете алмадым. Ұстата бердім. Паронимге алғашқы жай сөйлемдегі *иіріп*, екінші сөйлемдегі *шиырып* сөздерін жатқызамыз. Бұл мысал сөздердің құрамындағы дыбыстық ұқсастықтар, алайда айта кетсек, *иіріп* сөзінде бірыңғай жіңішке, *шиырып* сөзінде бірыңғай жуан дауыстылар келіп тұр. Бірақ айтылу жағынан ұқсас, беретін мағыналары жағынан әр түрлі.

Ұлтан не айтса да қағып алып... біресе күлдіріп, біресе ойландырып... кейде төбесінен шүйілген қырандай... кейде оқтай қадалып... күйдіріп, жандырып... қайтармын... Күйдіріп, жандырып сөздері паронимдік өзгерістер қатарына еніп, алайда жоғарыдағы мысалдағыдай жуан-жіңішке дауыстылар жағынан және мағыналық құрамы жағынан айырмашылық байқалып тұр.

Пароним құбылыс кейде көркем шығармаларда өлең жолдарынан да байқалады:

*Бәт құндыз қыз балаға жарасқандай,
Тұман жоқ ер жігітке адасқандай.
Саласын Сартоғайдың мекен еткен
Бар екен Қантай атты бір асқан бай.*

Мұнда берілген алғашқы жолдағы *жарасқандай* сөзі мен екінші қатарда тұрған *адасқандай* сөздерін жатқызамыз. Олардың айтылуы жағынан ұқсастықтары айқын байқалады, беретін мағынасы жағынан екі түрлі.

Қорытынды. Жалпы қарастырылған фонетикалық құбылыстар, олар тілде кеңінен таралған өзекті мәселелердің бірі. Жоғарыда талданған еңбектерге қатысты түйінді тұжырымдарды былайша санамалап көрсетуге болады:

- поэтикалық тіл әлемді, кеңістікті образ жүйесімен сипаттайтын, оқырманның ойына көз алдына құбылысты елестету арқылы әсер беретін, танымдық дүниені қалыптастыратын ерекше құбылыс. Демек, поэтика мен поэтикалық тілдік жүйе эстетикалық әсер туғызуға бағытталған.

- Поэтиканың негізгі мақсаты – шығарма құндылығынан эстетикалық әсерленуді қалыптастыруға қатысатын тексттегі элементтерді айқындап және оны жүйелеу болып табылады.

- Поэтикалық мәтіндегіміз – тілдің феномені болып табылады. Поэтикалық мәтін тіл арқылы жасалатын шығармашылық өнер. Мәтіннің тілі – шығармаға поэтикалық және эстетикалық сапа дарытатын қару.

- Лингвистикалық поэтиканың тіл мен әдебиет саласында дәрежесін айқындалды.

- Шығармада қолданылған фонетикалық құбылыстардың түрлері анықталып, нақты мысалдармен дәлелденді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Сыздық Р. Сөз құдіреті .– Алматы, Санат, 1997. – 224 б.

2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы, Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

3 Драмалық шығармалардың лингвистикалық поэтикасы. А.Тымболова. –Алматы, «Елтаным баспасы», 2013. – 328 б.

4 Сыздықова Р. Сөз сазы: дұрыс айту нормалары. Алматы, Санат, 1995.– 119 б.

5 Мүсірепов Ф. Ұлан. Роман. – Алматы, Атамұра, 2003. – 264 б.

References:

1 Syzdyq R. Söz qūdireti .– Almaty, Sanat, 1997. – 224 b.

2 Qazaq tiliniñ tüsındirme sözdıgı / Jalpy redaksiyasyn basqarǵan T.Janūzaqov. – Almaty, Daik-Pres, 2008. – 968 b.

3 Dramalyq şyǵarmalaryñ lingvistikalıy poetikasy. A.Tymbolova. –Almaty, «Eltanym baspasy», 2013. – 328 b.

4 Syzdyqova R. Söz sazı: dūrys aitu normalary. Almaty, Sanat, 1995.– 119 b.

5 Müsirepov Ğ. Ūlan. Roman. – Almaty, Atamūra, 2003. – 264 b. МРНТИ 811.124

МРНТИ 811.124

Миров М. О.,¹ Садуақас Н. А.²

¹ *С.Бәйішев университеті,*

² *Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан*

ЖҰБАНОВТАНУ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА БЕТТЕРІ

Аңдатпа

Профессор Құдайберген Жұбанов - өткен ғасырдың бас кезеңінде қызмет еткен ғалым. Ол қазақ тіл білімі саласының қалыптасуына ерекше үлес қосқан еді. Қазіргі кезде оның ғылыми еңбектері терең зерттеліп, «жұбановтану» деген атпен ғылыми ортаға танылды. Оның Есет Жұбанов және Асқар Жұбанов деген екі баласы да қазақ тілін зерттеуге ерекше үлес қосқан ғалым адамдар болды. Сондықтан мақалада «Жұбановтану» саласындағы зерттеулерді одан әрі жалғастырудың бағыттары туралы баяндалған. Жұбановтану – ағайынды Құдайберген және Ахмет Жұбановтардың ғылыми мұрасын танып-білуге қатысты ортақ анықтама. Сондықтан біз бұл мақаламызда қазақ тілі мәселелерін ғана сөз етпекпіз. Қазақ тіл білімі ғылымының қалыптасып, дамуының алғашқы бастауында тұрған А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы сынды т.б. біртуар ғалым азаматтардың ана тіліміздің зерттелуіне қосқан еңбектері ерекше болды. Осы айтулы азаматтар қатарында қазақ тілінің болашағы үшін ерінбей еңбек етіп, өзінің артында мол ғылыми мұрасын қалдырған профессор Құдайберген Жұбанов есімін ерекше атап көрсетеміз

Түйін сөздер: Қазақ тіл білімі, түрік тілдері, ғылым, әліпби, жазу, ауыз әдебиеті, тіл мен математика

Mirov M.,¹ Saduakas N.²

¹ *Bayishev University,*

² *Zhubanov University,
Aktobe, Kazakhstan*